

Апахаев Н.Ж., Көпбаев Д.З.

**Жаһандану заманында жаңа
ҚР ҚІЖК-нің өзекті мәселелері**

Авторлар жаңа қылмыстық-саяси вектордың дамуын «Қазақстан-2050: Дамыған мемлекеттің жаңа саяси бағыты» бағдарламасын негізге ала отырып, жаңа қабылданған Қылмыстық іс жүргізу кодексінің өзекті мәселелерін қарастырған, оның ішінде ҚР Конституциясына, халықаралық шарттардың нормаларына сәйкестігін анықтау. Қылмыстық іс жүргізу заңын қазіргі заманның талаптарына сай тиімді пайдалану, қысқартылған тәртіппен іс жүргізудің өзекті мәселелері қарастырылған.

Түйін сөздер: қылмыстық сот өндірісі, кінәсін мойындау келісімшарты, қылмыстық сотқа дейінгі тергеуді жүзеге асыратын органдар, қылмыстық істі қозғау институты, қысқартылған өндіріс.

Апахаев N.Zh., Копбаев D.Z.

**Actual problems of the new
Code of Criminal Procedure in
the era globalizatsii**

The author of this article analyzes the new criminal-political development of the Republic through the prism of the main provisions of the Strategy "Kazakhstan-2050: New political course of the established state", which reveals the problem of the adoption of the new criminal procedure code in accordance with the Constitution and the norms of international agreements; according to the concept of the draft Criminal procedure code of Kazakhstan, one of the main directions of improvement of the criminal procedural law Concept of legal policy defined simplifying and improving the efficiency of the criminal process, including the simplified pre-trial proceedings.

Key words: criminal proceedings, the bodies of pretrial proceedings, plea bargain, institute a criminal case, the simplified production.

Апахаев Н.Ж., Копбаев Д.З.

**Актуальные проблемы нового
УПК РК в эпоху глобализации**

Авторы данной статьи анализирует новый уголовно-политический вектор развития Республики через призму основных положений Стратегии «Казakhstan-2050: Новый политический курс состоявшегося государства», где раскрывает проблемы принятия нового уголовно процессуального кодекса в соответствии с Конституцией, а также нормами меж-дународных договоров; согласно Уголовно-процессуального кодекса РК одним из основных направлений совершенствования уголовно-процессуального права Концепцией правовой политики определено упрощение и повышение эффективности уголовного процесса, в том числе упрощение порядка досудебного производства.

Ключевые слово: уголовное судопроизводство, органы досудебного производства, сделка о признании вины, институт возбуждение уголовного дело, упрощенное производство.

ЖАҢА ДАМУ ЗАМАНЫНДА ЖАҢА ҚР ҚІЖК-НІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кенес дәуірінің ыдырап Қазақстан өз алдына егеменді ел болуына байланысты, 1990 жылдардың құқықтық реформаларды ескере отырып ҚІЖК 1997 жылы қабылдады. Қабылданған кодексте басты құқықтық құндылықтар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құқықтық реформалау бағдарламасында орын алды.

1997 жылы 13 желтоқсанда қабылданған ҚІЖК көптеген өзгерістерге ұшырады, нақтырақ айтсақ заңға 300-ден астам өзгерістер мен толықтырулар енгізілген. Ғалым заңгерлердің пайымдауынша Қазақстанның қазіргі қолданыстағы Қылмыстық іс жүргізу кодексі зайырлы демократиялық құқықтық мемлекеттердің стандартына сай келеді деп атайды [1, 2, 3], бірақ тәжірибе көрсеткендей халықаралық құқықтық жүйеге толыққанды жетуге бізге біршама жұмыс атқаруымызға тура келеді.

Біздің пайымдауымызша отандық қылмыстық сот өндірісіміз мемлекеттік құқықтық, демократиялық модельге толық сәйкес келмейді, сонымен қатар ҚР ҚІЖК инквизициялық жолды ұстанған, яғни қылмыстық іс жүргізу қызметі айыптау тараптарының мүдделерін ескеріп, оларға қатысты жеке тараулар мен баптарда прокурор, тергеуші және анықтама органдарының құзіреттері кеңінен қарастырылған. Бұл жағдай қылмыстық іс жүргізудің дайындық сатыларында жақсы көрінді, «онда инквизициялық атавизмнің дәстүрі басым болды» [4]. Соңғы 70 жылдың ішінде туындаған көптеген мәселелерді ғалым процессуалистер толыққанды шешті деп айтуымызға күмәніміз бар. 2000 жылдары Қазақстан дамыған елдердің қатарына кіру үшін «Еуропаға жол» атты мемлекеттік бағдарламаны қабылдады. Бұл қоғамдық өмір мен заңдарды толық реформалауға әкеліп соқтырды. Қазақстанның қылмыстық сот өндірісіндегі туындаған өзекті мәселелерді кейінге қалдырмай кешенді шараларды тиімді қолданудың уақыты келді деп ғалымдар жар салуда [6]. ТМД-а кейбір әріптестеріміз, атап айтсақ Украина, Грузияда қылмыстық іс жүргізудің жаңа моделін қабылдап тәжірибеде қолданып жүр [7, 8].

Қазақстанда қандай модель қабылданса да, біздің пайымдауымызша қылмыстық іс жүргізу және жедел іздестіру мәселелері бірінші кезекте шешілуі тиіс. Оның ішінде: сотқа дейінгі

өндірістің нысандары, олардың сайысушылық мәселелері, адамдардың құқықтарын сақтау, қылмыстық сот өндірісінің тиімділігі, сот әділдігін жүзеге асырудың жариялылығы.

Өткенге көз жүгіртсек, сот әділдігін жүзеге асыруда қазақстандық заңнама көптеген жетістіктерге жетті. Қазақстанның қылмыстық іс жүргізудегі жетістіктері:

– алқабилердің қатысуы мен сот әділдігінің жүзеге асуы;

– сотқа дейінгі өндірісте соттық бақылаудың жүзеге асуы, қамау мен үйде қамап ұстауға соттың санкция беруі;

– қысқартылған түрде сот өндірісін жүргізу институтының енуі;

– сайысушылық институтының күшеюі, оның ішінде қылмыстық іс бойынша қатысатын қорғаушының, заңды өкілдердің құзәреттерінің кеңеюі;

– ҚР соттық жүйені дамыту мен реформалауда арнайы ювеналдық сот өндірісін енгізу. Қылмыстық жанжалды шешуде баламалы нысандарды енгізу (қатысушыларды татуластыру және медиация институттары).

Көптеген реформаларды жүргізудің арқасында республикада халықаралық стандартқа сәйкес келетін жаңа жүйелі қылмыстық сот өндірісі қалыптасты. Бірақ, қанша толықтырулар мен өзгертулер енгізілсе де, «біздің қазақстандық қылмыстық іс жүргізу басым белгілер бойынша күрделі, қыйын, материалды жағынан шығынды болып отыр» [9]. Сонымен қатар оның жазалау белгілері басым келіп, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бас бостандықтары толық деңгейде қорғалып отырған жоқ.

Қылмыстық сот өндірісінің басты даму бағыттары ҚР 2002 ж. Құқықтық Концепция және 2010-2020 жж. Концепциямен анықталған [3]. Жоғарғы стратегиялық құжаттарда азаматтардың құқықтарын мүлтіксіз орындауға бағытталған, қылмыстық сот өндірісінің негізгі қағидаларын жүзеге асыруы белгіленген. Осы шарттарға ойдағыдай жету үшін, құқыққорғау органдарының заңсыз әрекеттерінен, азаматтардың құқықтарын процессуалдық қорғауды басты міндет қылуымыз керек.

Халықаралық тәжірибені тілге тиек етсек, сайысушылық қағидасы қылмыстық іс жүргізу реформаларының ең басты шарты болуға тиіс [6].

Концепцияда бекітілгендей қылмыстық іс жүргізу еуропалық модельге сай келу керек «еуропалық модель: полиция-прокурор-сот» [10].

Полиция қызметкерінің міндетіне мәжбүрлеу шараларын қолдану және қылмыскердің әрекетіне заңдылық саралау беру кірмейді, тек заңмен көрсетілген ұстаудан басқа. Ол сот пен прокурордың рұқсатынсыз азаматтардың құқықтарын шектеуге құқысы жоқ. Ұсталған адамдарға қатысты полиция қызметкерінің жинаған материалдарын заңдылық саралауды тек, прокурор ғана жүзеге асыруы тиіс, содан кейін ғана жеткілікті негіздер болса істі сотқа жіберуі тиіс. Бүгінде ТМД елдерінде қылмыстық істі қозғау институты шиеленіске тап болып отыр, ал Еуропа елдерінде мұндай институт атымен жоқ. Сондықтан біздің елімізде қылмыстық істі қозғау институтынан бас тартып отыр [4, 11]. Осы еуропалық стандарттар Польша 1997 ж., Украина 2012 ж., Грузия 2010 ж. енгізіліп отыр [12, 13].

Осы мәселелерге байланысты мемлекеттік органдардың жетекшілері мен процессуалист ғалымдар еуропалық елдердің нәтижелерін бірнеше ай зерттеп, құқықтық Концепцияның бағдарламасын ескере отырып жаңа ҚДЖК қабылдады [14].

Жаңа ҚДЖК шетелдердің және отандық ғалымдардың сын пікіріне түсті, кейбір келіспейтін тұстары жетіп асады. ҚДЖК-ін жасаушылар қылмыстық іс жүргізудің континентальдық түрін ұстанған, оның ішінде сотқа дейінгі және сот өндірісін жеке-дара қарастырған [15].

Жаңа ҚДЖК ерекшеліктері:

1. Қылмыстық істі қозғау институтының жойылуы, оның орнына сотқа дейінгі тергеулік тексеру, анықтама жүргізу, алдын ала тергеу мен жедел іздестіруді біріктіру арқылы прокурорлық қадағалау мен соттық бақылауды күшейту.

2. Тергеу мен анықтама органдарының құзіретінен айыпталушы ретінде жауапқа тартуды алып тастап, оны толық прокурордың құзіретіне беруі.

3. Дәлелдемелерді жинау мен дәлелдемелер туралы соңғы процессуалдық шешім шығару құзіреттерінің бөлінуі [15].

4. Сотқа дейінгі өндіріс қысқартылып, орнына сотқа дейін тергеу еніп отыр. Тағайындалған процессуалдық мерзімдердің орнына «ойға қонымды» мерзім еніп отыр [15].

5. Адамдардың құқықтары шектелетін тергеулік әрекеттердің барлығы прокурордың санкциясы арқылы жүргізіледі. Уақыт өте прокурор беретін санкцияны сотқа беру [9].

6. Сотпен істі қайта тергеуге жіберу институтының жойылуы.

7. Куәгерлер институтының шектелуі, тек жеке тергеу әрекеттеріне куәгерлердің қатысуы көзделген [16].

8. Процессуалдық келісім институтының енуі (57-тарау ҚР ҚДЖК). Сонымен қатар 23-1-тарауда.

Біздің ойымызша процессуалдық келісім институты жаңа ҚР ҚДЖК-де әлі толық шешілмей келе жатыр, ғалым процессуалистердің арасында бірнеше қарама-қайшы көзқарастар қалыптасқан, бірақ болашақта өз шешімін табатынына біз сенімдіміз [6,17,18,19].

9. Тергеу әрекеттеріне санкция беретін тергеу судьясы институтының енуі.

10. Дәлелдемелерді толық жинауда жедел іздестіру шаралары мен тергеу әрекеттерін біріктіру мақсатында жасырын тергеу институтының қабылдануы.

Біздің ойымызша жасырын тергеу әрекеттерін жүргізетін тұлғалардың процессуалдық статусы

толық шешілмеген [20]. Жаңа ҚР ҚДЖК-де көзделіп отырған аспекттерді бір мақаланың аясында толық ашу мүмкін емес. Бірақ жаңа қабылданатын заңымыз шетелдердің құқықтық тәжірибелерін ескеріп, азаматтардың құқықтарын, бас бостандықтарын сақтауға жаңа талпыныс жасағанын көріп отырмыз. Жаңа ҚР ҚДЖК-не отандық ғалымдардың теріс көзқарастары қалыптасса да [21], 2015 жылы өз күшіне енеді, кейбір жағдайлары 2016 ж. жүзеге асады.

ҚР Жаңа қылмыстық іс жүргізу заңы болашақта мемлекетіміздің басты құндылығы азаматтардың құқықтары бұлжытпай сақталады дегенге сенеміз, себебі заң адамдарға қызмет етуі тиіс.

Әдебиеттер

1 См.: Постановление Президента от 12.02.1994 №1569 «О государственной программе правовой реформы в Республике Казахстан». http://kazakhstan.newscity.info/docs/sistemi/dok_perbzz.htm.

2 О Концепции правовой политики Республики Казахстан: утверждена Указом президента РК Президента Республики Казахстан от 20 сентября 2002 г. II Казахстанская правда. – 2002. – 3 окт.

3 Концепция правовой политики Республики Казахстан на 2010-2020 годы: утверждена Указом президента РК от 24 августа 2009 г. II Казахстанская правда. – 2009. – 27 авг. – С. 8.

4 Головкин Л. В. Перспективы реформирования органов, осуществляющих обеспечение безопасности и борьбу с преступностью в Республике Казахстан: аналитический документ. – // Ежегодник Центра исследования правовой политики 2009. Алматы. LPRC. 2010 (статья; 1, 15 п. л.).

5 Концепция Проекта Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан. – URL: <http://old.supcourt.kz/rus/zakonoproekt/UPK.html>.

6 Пен С. Г. Концептуальные направления уголовного судопроизводства в Республике Казахстан II Актуальные проблемы современности I Караганда, Болашак-Баспа. – 2010. – №11.

7 Новый УПК глазами практиков: первые итоги применения. – URL: <http://racurs.ua/343-novyy-upk-glazami-praktikov-pervyye-itogi-primeneniya>.

8 Уголовно-процессуальный кодекс Грузии. – URL: http://www.pravo.org.ua/files/Criminal%20justice/_09_10_2009.pdf.

9 Ахпанов А. Н. Замечания к проекту Концепции новой редакции Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан (вопросы досудебного производства). – URL: <http://rudocs.exdat.com/docs/index-424888.html>.

10 Берсугурова Л. Ш. О полномочиях прокурора в свете проекта нового УПК РК. – URL: <http://www.group-global.org/ru/publication/view/8068>.

11 Дополнительная информация, полученная от Казахстана по поводу осуществления заключительных замечаний Комитета по правам человека (Cсрпrikazicoi1), cсрпrikazicoi1iadd.1, 24 сентября 2012 г. - URL: http://www1.umn.edu/humanrts/russian/hrcommittee/Radditiona.linfo_kazakhstan2012.html.

12 Путеводитель по новому Уголовно-процессуальному кодексу Грузии I сост. З. Меишвили. – Тбилиси: ООО «Сезан», 2010. – С. 48.

13 Уголовно процессуальный кодекс Польши. – URL: <http://icpo-vad.tripod.com/crimprgu.html>.

14 Досье ITS на проект Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан (новая редакция) (по состоянию на 30 сентября 2013 года). – URL: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31122244.

15 ҚР ҚДЖК 1-қаңтар 2015 жыл. – Алматы. Жеті Жарғы.

16 Заключение дополнительной научной криминологической экспертизы проекта Закона. – URL: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31122244#sub_id=8.

17 Заседание Межведомственной комиссии. Разработчики представили проект Концепции нового УПК. – URL: <http://www.advokatura.kz/news/831>.

18 Мепаришвили: «В Грузии сделка по признанию вины мешает независимости суда». – URL: www.apsny.ge/2011-11-29/soc11298520921.php (Информационно-аналитический портал Грузии, 23.02.2011 г.).

19 Сделка с правосудием (западный опыт). – URL: <http://www.zakonia.ru/analytics/77/28>.

20 Юрченко Р. Н. Об упрощенном досудебном производстве по уголовным делам в Республике Казахстан. – URL: <http://www.zakon.kz/162129-ob-uproshhennom-dosudebnom-proizvodstve.html>.

21 Сулейменова Г. Ж. Заключение научно-правовой экспертизы Концепции Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан. <http://www.Zakon.kz/> 22.10.2012г.

References

- 1 Sm.: Postanovlenie Prezidenta ot 12.02.1994 №1569 «O gosudarstvennoj programme pravovoj reformy v Respublike Kazahstan». http://kazakhstan.newscity.info/docs/sistemi/dok_perbzz.htm.
- 2 O Konceptii pravovoj politiki Respubliki Kazahstan: utverzhdena Ukazom prezidenta RK Prezidenta Respubliki Kazahstan ot 20 sentjabrja 2002 g. II Kazahstanskaja pravda. – 2002. – 3 okt.
- 3 Konceptija pravovoj politiki Respubliki Kazahstan na 2010-2020 gody: utverzhdena Ukazom prezidenta RK ot 24 avgusta 2009 g. II Kazahstanskaja pravda. – 2009. – 27 avg. – S. 8.
- 4 Golovko L. V. Perspektivy reformirovaniya organov, osushhestvljajushih obespechenie bezopasnosti i bor'bu s prestupnost'ju v Respublike Kazahstan: analiticheskij dokument. - // Ezhegodnik Centra issledovaniya pravovoj politiki 2009. Almaty. LPRC. 2010 (stat'ja; 1, 15 p. l.).
- 5 Konceptija Proekta Ugolovno-processual'nogo kodeksa Respubliki Kazahstan. – URL: <http://old.supcourt.kz/rus/zakono-proekt/UPK.html>.
- 6 Pen S. G. Konceptual'nye napravlenija ugolovnogogo sudoproizvodstva v Respublike Kazahstan II Aktual'nye problemy sovremennosti I Karaganda, Bolashak-Baspa. – 2010. – №11.
- 7 Novyj UPK glazami praktikov: pervye itogi primeneniya. – URL: <http://racurs.ua/343-novyy-upk-glazami-praktikov-pervye-itogi-primeneniya>.
- 8 Ugolovno-processual'nyj kodeks Gruzii. – URL: http://www.pravo.org.ua/files/Criminal%20justice/_-09_10_2009.pdf.
- 9 Ahpanov A. N. Zamechanija k projektu Konceptii novoj redakcii Ugolovno-processual'nogo kodeksa Respubliki Kazahstan (voprosy dosudebnogo proizvodstva). – URL: <http://rudocs.exdat.com/docs/index-424888.html>.
- 10 Bersugurova L. Sh. O polnomochijah prokurora v svete proekta novogo UPK RK. – URL: <http://www.group-global.org/ru/publication/view/8068>.
- 11 Dopolnitel'naja informacija, poluchennaja ot Kazahstana po povodu osushhestvlenija zakljuchitel'nyh zamechanij Komiteta po pravam cheloveka (Cepricikazicoi1), cepricikazicoi1iadd.1, 24 sentjabrja 2012 g. - URL: http://www1.umn.edu/humanrts/russian/hrcommittee/Radditiona.linfo_kazahstan2012.html.
- 12 Putevoditel' po novomu Ugolovno-processual'nomu kodeksu Gruzii I sost. Z. Meishvili. – Tbilisi: OOO «Sezan», 2010. – S. 48.
- 13 Ugolovno processual'nyj kodeks Pol'shi. – URL: <http://icpo-vad.tripod.com/crimpru.html>.
- 14 Dos'e ITS na projekt Ugolovno-processual'nogo kodeksa Respubliki Kazahstan (novaja redakcija) (po sostojaniju na 30 sentjabrja 2013 goda). – URL: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31122244.
- 15 ҚР ҚІЗHK 1-қаңтар 2015 жыл. – Almaty. Zheti Zharry.
- 16 Zakljuchenie dopolnitel'noj nauchnoj kriminologicheskoy jekspertizy proekta Zakona. – URL: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31122244#sub_id=8.
- 17 Zasedanie Mezhvedomstvennoj komissii. Razrabotchiki predstavili proekt Konceptii novogo UPK. – URL: <http://www.advokatura.kz/news/831>.
- 18 Meparishvili: «V Gruzii sdelka po priznaniju viny meshaet nezavisimosti suda». – URL: www.apsny.ge/2011/Issue/1298520921.php (Informacionno-analiticheskij portal Gruzija, 23.02.2011 g.).
- 19 Sdelka s pravosudiem (zapadnyj opyt). – URL: <http://www.zakonia.ru/analytics/77/28>.
- 20 Jurchenko R. N. Ob uproshhenom dosudebnom proizvodstve po ugovnym delam v Respublike Kazahstan. – URL: <http://www.zakon.kz/162129-ob-uproshhenom-dosudebnom-proizvodstve.html>.
- 21 Sulejmenova G. Zh. Zakljuchenie nauchno-pravovoj jekspertizy Konceptii Ugolovno-processual'nogo kodeksa Respubliki Kazahstan. <http://www.Zakon.kz/22.10.2012g>.